

2011 жылдың 3 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 28 маусымдағы № 235-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылы 24 маусымда № 7051 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 346-ө Бұйрығымен.

Күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011.09.29 № 346-ө (5-тармақты қараңыз) Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі № 537 қаулысымен бекітілген Кедейлік шегін анықтау ережесінің 4-тармағын орындау
ү ш і н **Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. Қазақстан Республикасы бойынша 2011 жылдың 3 тоқсанына арналған кедейлік шегі Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 проценті мөлшерінде анықталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «2011 жылдың 2 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы» 2011 жылғы 29 наурыздағы № 109-ө бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 6849 тіркелген және «Егемен Қазақстан» 2011 жылғы 6 сәуірдегі № 130-133, «Казахстанская правда» 07.04.2011 ж., № 117 газеттерінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Әлеуметтік көмек департаменті (К.А. Манабаева) осы бұйрықты:

- 1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуді және ресми жариялауды;
- 2) облыстық, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жеткізуді қамтамасыз е т с і н .

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.А. Ахметовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді және 2011 жылдың 1 шілдеден бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

Г. Әбдіқалықова

